Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Embімұнайгаз" АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарт талаптарына сай, қызметі үшінші жақ тұлғаларына зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша қызметтер көрсетуге (бұдан әрі- Қызметтер) және сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандырылушыға немесе пайдасына шарт жасалған өзге тұлғаға (пайда көруші) шартпен белгіленген сомада (сақтандыру сомасы) сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді, ал Тапсырысшы осы Шарт талаптарына сай, сақтандыру сыйақысын төлеуге міндеттенеді.

1.2. Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты, оның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген қауіпті өндірістік фактормен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу міндетіне байланысты объект иесінің мүліктік мүддесі сақтандыру полистері бойынша сақтандыру объектісі болып табылады.Сақтандыру мерзімі сақтандыру полисінде көрсетіледі.

1.3. Сақтандыру мерзімі сақтандыру полистерінде көрсетіледі.

1.4. Шартта төмендегідей ұғымдар қолданылады: 1) пайда көруші- Заңға сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға; 2) сақтандыру жағдайы - қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартының басталуымен сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін оқиға; 3) сақтандыру сомасы - міндетті сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы; 4) сақтандыру сыйлықақысы - сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандырудың белгілі бір шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы; 5) сақтандыру төлемі - сақтандырушы сақтанушыға (пайда алушыға) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы ; 6) Сақтандырушы/Орындаушы - _____; 7) сақтандырылған – өзіне қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға; 8) Сақтандырушы /Тапсырысшы – «Embімұнайгаз» АҚ; 9) сақтандырушы омбудсман - өз қызметінде "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығына қатысушылар арасындағы келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асыратын тәуелсіз жеке тұлға.

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және шартта және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1 қосымшасында көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

2.3.1. Көрсетілген Қызметтер көлемінің % (пайызды көрсету) [(жазумен)] Қызметтерді кезекті көрсету сатысы бойынша Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылған және мөрі соғылған, соның негізінде есеп-фактура/ төлемге есеп (инвойс) берілген, орындалған жұмыстар актісіне қол қойылған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Есеп-фактура/инвойс Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес Қызметтердің көрсетілу актісіне қол қойылған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде беріледі.

2.4. Көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар көрсетілген Қызметтер актісіне (актілеріне) (бұдан әрі – Көрсетілген қызметтер актісі) қол қойған және мынадай құжат (құжаттар) ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.4.2. Көрсетілген қызметтер актісі;

2.4.3. Шот-фактура.

2.5. Орындаушы Көрсетілген қызметтердің актісін (лерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актілерін (лерін) электрондық түрде қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтер актісін (лерін) Орындаушы Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдау-беру актісін (лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

2.6. Құжаттар пакетін беру (есеп-фактура/төлемге есеп (инвойс), көрсетілген қызметтер актісі, Өзара есеп айырысуды салыстыру актісі және т.б.) оларды Тапсырысшы кеңсесінде тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Жоғарыда аталған құжаттардың әрқайсысында Шарт номері және тіркелген күні болуы тиіс.

2.7. Құжаттардың, оның ішінде өзара есеп айырысуды салыстыру актісінің төлем жүргізуге тиісінше ресімделмегені және/немесе дер уақытында берілмеуімен байланысты, төлем жүргізу мерзімінің өтіп кеткені үшін Тапсырысшы жауапты болмайды.

2.8. Шарт бойынша төлем тенгемен Шарттың 18 тарауында көрсетілген Орындаушы есеп шотына ақша қаражатын аудару есебімен жүргізіледі.

2.9. Тапсырысшы мен Орындаушының банктік деректемелері немесе заңды мекенжайы өзгерген жағдайда, Тараптар ондай өзгерту болғанға дейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, бір-біріне алдын ала хабарлайды. Егер жоғарыда көрсетілген хабарлама мерзімінің бұзылуы нәтижесінде немесе Орындаушы тарапынан төлем жүргізу үшін берілген деректемелері қате жазылған жағдайда, Тапсырысшы төлем бойынша міндеттемелерін тиісінше орындаған болып саналады. Мұндайда, егер аударылған ақша Тапсырысшының есеп шотына қайта келсе, Тапсырысшы қате берілген деректемелерге ақша аудару барысында жұмсалған қосымша шығын сомасын ұстап қалу арқылы қайтып келген ақшаны Орындаушыға аударуға міндетті.

2.10. Қызметтер көрсету кезінде төленетін салықтарға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасы өзгерген жағдайда, Тарапта Шартқа тиісті өзгертулер енгізіп, тиісті қосымша келісімге қол қояды.

3. Сақтандыру сомасы және Сақтандыру сыйлықақысы

3.1. Сақтандыру сомасының көлемі «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының нормаларына сәйкес (бұдан әрі – Заң) анықталады. Сақтандыру сомасы Сақтандырушы жауапкершілігінің шектеулі көлемі болып табылады, сақтандыру полисінде көрсетіледі және _____ теңгені құрайды.

3.2. Сақтандырушы тарапынан ресімделген сақтандыру полисі бойынша Сақтанушыға төленетін сақтандыру сыйлықақысы Заң нормаларына сәйкес анықталады, сақтандыру полисінде көрсетіледі және _____ теңгені құрайды.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Орындаушы міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес қызмет көрсетуге;

4.1.2. Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 5.00 % мөлшерінде Банк кепілдігі, Төлем тапсырмалары түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртібінің 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды;

4.1.3. Тапсырыс берушіге көрсетілетін Қызметтерге арналған құжаттарды Шартта көзделген мерзімде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.3.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеу (Веб-порталда ұсынылады). Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады;

4.1.4. 4.1.4 Банктік кепілдемеде төмендегідей ақпарат болуы тиіс: 4.1.4.1 Банктің атауы; 4.1.4.2 Банктік кепілдеме номері (кепілдік міндеттемелер); 4.1.4.3 Банктік кепілдеме күні; 4.1.4.4 Орындаушы атауы; 4.1.4.5 Шарттың номері және күні; 4.1.4.6 Шарттың мәні; 4.1.4.7 Банктік кепілдеме сомасы; 4.1.4.8 Банктік кепілдеменің әрекет ету мерзімі.

4.1.5. Шарттың талаптарына сәйкес қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға. Тапсырысшы Жеткізушіден Жұмыстарға қатысты елішілік құндылық үлесінің болжамын талап етуге құқысыз.

4.1.6. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген білікті мамандар арқылы Қызмет көрсетуге.

4.1.7. Қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтауға.

4.1.8. Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы үшін, сондай-ақ Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды және көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында толық жауапты болуға.

4.1.9. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялarға, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге.

4.1.10. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға.

4.1.11. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың жай-күйін тексеру үшін және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан Қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге.

4.1.12. Өз жұмыскерлерін қауіпсіз Қызмет көрсету үшін қажетті арнайы киіммен және басқа да жеке және ұжымдық қорғау құралдарымен қамтамасыз етуге міндеттенеді (мұндай талап Қызметтерге қатысты болған кезде ғана белгіленеді).

4.1.13. Жұмысқа тартылған шетелдік қызметкерге қатысты қазақстандық қызметкерлер үшін тепе-тең еңбек жағдайы мен еңбек ақыны қамтамасыз ету, оның ішінде:

4.1.13.1. Орындаушы жұмыскерлері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары және шетелдік азаматтар болып табылатын қосымша мердігерлерінің арасындағы еңбек ақы саласында кемсітушілікке жол бермеу;

4.1.13.2. Тапсырысшы талабы бойынша Шарт міндеттемелерінің орындалуы барысында тартылған Орындаушы жұмыскерлері және оның қосымша мердігерлерінің саны мен лауазымы туралы ақпаратты олардың азаматтығын көрсету арқылы беру;

4.1.14. Шартпен, орындалған жұмыстар актісімен Қазақстан Республикасының бекітілген заңнамасына сәйкес көзделген көрсетілген қызметтерді тапсыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беру;

4.1.15. Қызметтер көрсетіліп болған соң, ақырғы көрсетілген қызметтердің актісімен бірге Тапсырысшыға Қызметтерге қатысты елішілік құндылық үлесінің нақты есебін Шартқа Қосымша №3-гі форма бойынша тапсыру;

4.1.16. Қызмеьттердегі елішілік құндылық үлесі бойынша берілетін ақпараттың дұрыстығына кепілдік беру;

4.1.17. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін, оның ішінде, Шартпен көзделген Қызметтердің дер уақытында орындалмағаны және сапасыз орындалғаны үшін көрсетілген қызметтердің күнтізбелік кестесіне (Қосымша №4), техникалық сипаттамаға (Қосымша №2) сәйкес, Тапсырысшы алдында жауапты болуға;

4.1.18. сақтанушыға (сақтандырылушыға) сақтандыру полисін ресімдеу;

4.1.19. Шарт бойынша сақтандыру қорғанысының әрекет ету кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабарлаған кезде оны дереу тіркеп, осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) бойынша мәліметтерді қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға ұсыну;

4.1.20. сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру төлемін осы Шартпен көзделген тәртіпке сай және жағдайда төлеу;

4.1.21. сақтандыру жағдайының басталу фактісін және сақтандырушының өтеуге жататын зиянының мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған жағдайда, мәлімет алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлау қажет;

4.1.22. сақтандыру төлемінен бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда сақтанушыға (пайда алушыға) жазбаша түрде бас тарту себептерінің дәлелді негіздемесін және сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабарлама жіберу;

4.1.23. сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;

4.1.24. Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) өтініш алған кезде Сақтанушының (үшінші тұлғаның, пайда алушының)

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

талаптарын қарау және бес жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беру;

4.1.25. Сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) сақтандыру омбудсменіне жіберілетін өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде қайта жолдау;

4.1.26. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық салықты, баж салығын және басқа да төлемдерді төлеу;

4.1.27. Шот-фактуралар мен көрсетілген қызметтер актісін дер уақытында беру;

4.1.28. Шарт бойынша міндеттемелерін орындау үшін талап етілетін, рұқсат беруші құжаттарды алумен (оны алу қажет болса), сондай-ақ уәкілетті органдардың талаптарымен байланысты барлық шығындарды өз бетімен өтеуге, оның ішінде сырқаттың таралуының экидемиологиялық масштабымен күрес жүргізуге бағытталған іс-шарлар бойынша шектелмей;

4.1.29. Егер мемлекеттік органдармен камералық бақылау процедуралары, тәуекелдерді басқару және/немесе тексерулер жүргізу жүйелерін қолдану, сондай-ақ өзге де іс-шаралар шеңберінде төлемеу деректері анықталса, болмаса Шартпен көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысулар расталмаған жағдайда, соның салдарынан Тапсырысшыға ҚҚС бойынша артық төленген сома, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылмайды, сонымен қатар салықты жеткізіп төлеу жүктеледі, мұндайда Орындаушы Тапсырысшыдан тиісті Хабарлама алған соң, 10 (он) күнтізбелік күн ішінде ҚҚС-нан артық төленген, Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарылмайтын барлық соманы, сондай-ақ жүктелген өзге де салықтарды, қаржы санкциясын қоса, Тапсырысшыға қайтаруға міндеттенеді. Осы тармақпен көзделген шарттар тікелей Жеткізушінің өзімен арадағы өзара қарым-қатынаспен шектелмейді, сонымен қатар Орындаушының өзінің жеткізушілерімен арадағы қандай да бір негіздемелер бойынша Тапсырысшымен арадағы есеп айырысуды растамайтын, қосылған құн салығы қайтарылмайтын және салықтар мен қаржы санкциясының төленбеуіне соқтыратын, Тапсырысшыға мемлекеттік органдардан берілген қарым-қатынасқа да ықпал етеді;

4.1.30. Егер каметарлық бақылау процедуралары және/немесе тексеру жүргізу шеңберінде, сондай-ақ басқа да іс-шаралар барысында мемлекеттік органдар тарапынан Орындаушыға қатысты босатылу шарттарының қолданылмауы себебінен төлем көзінің салық салынудан босатылуының негізсіздігі анықталған болса, онда ОрындаушыМердігер Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленуі тиіс салық пен қаржы міндеттемелерінің бүкіл сомасын қайтаруға міндеттенеді. Тапсырысшы аталған оқиғаның басталу дерегін растайтын барлық тиісті құжаттарды береді;

4.1.31. Егер Орындаушы Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бейрезиденті болса және Қазақстан Республикасының территориясында Қазақстан Республикасында тұрақты мекемесінің болуы талап етілмейтін мерзімде халықаралық шарт ережелерін қолдану мақсатында қызметтер көрсете немесе жұмыстарды орындаса, мұндай бейрезидент резиденттікті растаушы құжатымен қатар Тапсырысшыға береді: құрылтайшылық құжаттарының нотариуспен расталған көшірмесін болмаса сауда –саттық реестрінен үзіндіні (акционерлер реестрі) немесе өзге де мемлекеттік заңнамасымен көзделген, құрылтайшылар (қатысушылар) мен заңды тұлға-бейрезиденттің мажоритарлық акционерлерін көрсету арқылы бейрезидент тіркелген осы секілді құжатты. Шетел мемлекетінің заңнама талаптарына сәйкес, бейрезидентте құрылтайшылық құжаттар немесе сауда реестрінде (акционерлер реестрі) тіркелгені жөніндегі міндеттемесі болмаған жағдайда, ондай бейрезидент салық агентіне тапсырады: бейрезидент құру үшін негіз болатын құжатты (акт), оның құқықтық (заңды) күші сондай бейрезидент тіркелген шетел мемлекетінің тиісті органымен расталады, болмаса шоғырландырылған топтың ұйымдық құқрылымын көрсететін, қатысушы болып бейрезидент саналатын құжатты оның барлық қатысушыларының аты-жөнін және географиялық орналасқан жерін (шоғырландырылған топтардың қатысушылары құрылған мемлекеттердің (территория) атауын және мемлекеттік және шоғырландырылған топтың барлық қатысушыларының салықты тіркеуін көрсете отырып жасақтауға болады.;

4.1.32. Тапсырысшының сұратуы бойынша Шарттың орындалуымен байланысты, мерзімі көрсетілген ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде Орындаушының шаруашылық қызметіне қатысты қаржы есебін беру;

4.1.33. Шартпен көзделген, бірақ Шарт бойынша қызметтердің көрсетілу шартынан тарайтын өзге де міндеттемелерді орындау.

4.2. Орындаушының:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. сақтандыру полистерін ресімдеу кезінде, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәліметтерден басқа, Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру полистерін ресімдеу үшін қажетті өзге де мәліметтерді, оның ішінде объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпаратты ұсынуды талап ету;

4.2.4. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшыны тарту;

4.2.5. тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісін және үшінші тұлғаларға келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұрату;

4.2.6. үшінші тұлғалардың бүлінген мүлкін және зақымдану аймағын тексеруге қатысу және тексеру актілеріне қол қою ;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.2.7. қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіде сақтандыру тәуекелінің ұлғаюына әкеп соғуы мүмкін мән-жайлар (сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығы немесе ол басталған кезде ықтимал зиянның мөлшері) өзгерген жағдайда сақтандыру полисінің талаптарын өзгертуді талап ету;

4.2.8. келтірілген зиянды өтеуге байланысты қатынастарда Сақтанушының (сақтандырылушының) атынан және оның тапсырмасы бойынша сөз сөйлеу;

4.2.9. Сақтанушының (сақтандырылушының) тапсырмасы бойынша пайда алушылар қоятын талап-арыздарға қатысты оның атынан сотта іс жүргізуді өзіне қабылдауға. Алайда Сақтандырушының бұл әрекеттерін олардың сақтандыру төлемін жүзеге асыру жөніндегі міндеттерін мойындауы деп санауға болмайды;

4.2.10. зиян келтіруге жауапты адамға кері талап қою құқығын беру;

4.2.11. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Тәртіппен және (немесе) Шартпен көзделген негіздемелер бойынша бұзылады.

4.2.12. Тапсырыс берушіден аванстық (алдын ала төлемді) уақтылы қайтаруды талап етуге;

4.2.13. Тапсырыс берушіден қойылған өсімпұл, айыппұл және шығын сомасын төлеуді талап етуге.

4.2.14. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды тең мәнділермен ауыстыруға.

4.2.15. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзуға;

4.2.16. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында көрсетілетін қызметтер көлемінің (құнының) ¼-нен аспайтын (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) бірлесіп орындауға беру.

4.2.17. Қызмет көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге құқығы бар.

4.3. Тапсырыс берушінің:

4.3.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтерді Шарт талаптарына сәйкес қабылдауға.

4.3.2. Шағымдар болмаған жағдайда Көрсетілген қызметтер актісіне оны Орындаушыдан алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қол қоюға.

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жүзеге асыруға.

4.3.4. сақтандыру сыйлықақысын Шартпен белгіленген көлемде, тәртіпке сай және мерзімде төлеу;

4.3.5. Шарт жасалған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде ол жөнінде уәкілетті органға хабарлау;

4.3.6. Шарт жасасу кезінде сақтандырушыға объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті және ерікті сақтандырудың алдыңғы шарттары, сақтандыру жағдайлары, сақтандыру төлемдері және шарт жасасу үшін қажетті өзге де мәліметтер туралы ақпарат беру;

4.3.7. үш жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға және уәкілетті мемлекеттік органдарға, егер бұл өзгерістер сақтандыру полисінің ұлғаюына әсер етуі мүмкін болса, олардың құзыретіне сүйене отырып, мән-жайлардың өзгерістері туралы хабарлау;

4.3.8. қызметі сақтандыру тәуекелін едәуір арттыруы мүмкін үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіні жоспарланып отырған жаңғырту және (немесе) қайта бейіндеу туралы Сақтандырушыны және мемлекеттік органдарды олардың құзыретіне сүйене отырып хабардар ету;

4.3.9. қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсерін болғызбау жөнінде қажетті және ықтимал шараларды қабылдау;

4.3.10. шұғыл түрде, бірақ үш күннен кешіктірмей, өзіне сақтандыру жағдайының басталғаны белгілі болған сәтте , ол туралы Сақтандырушыға хабарлау;

4.3.11. қауіпті өндірістік факторлардың үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне зиянды әсері туындаған кезде орын алған жағдайларда ықтимал залалдардың алдын алу немесе азайту, оның ішінде мүлікті құтқару және зардап шеккен адамдарға көмек көрсету жөнінде ақылға қонымды және қолжетімді шаралар қабылдау;

4.3.12. Сақтандырушының өкіліне қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектідегі аварияның, инциденттің

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

туындау себептері мен өзге де мән-жайларға дербес тексеру жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

4.3.13. сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін болған күйінде Сақтандырушының өкілі қарап тексергенге дейін зардап шеккен мүліктің және зақымдану аймағының (егер бұл қауіпсіздік мүдделеріне қайшы келмесе немесе залал мөлшеріне әсер етпесе) сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдау;

4.3.14. Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу себептері, барысы мен салдары туралы, сондай - ақ келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы соттауға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпаратты (қажет болған жағдайда-жазбаша нысанда) және құжаттаманы ұсыну;

4.3.15. қауіпті өндірістік фактормен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы талап қою немесе талап қою туралы өзіне белгілі болғандай, үш жұмыс күні ішінде бұл туралы Сақтандырушыға кез келген қолжетімді тәсілмен хабарлау;

4.3.16. Көрсетілген қызметтер актісі бойынша Орындаушыдан көрсетілген қызметтерді аталған құжатты алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қабылдау болмаса көрсетілген мерзімде көрсетілген қызметтерді қабылдаудан дәлелді бас тарту жөнінде құжат жіберу. Көрсетілген қызметтерде кемшіліктер болған жағдайда, Орындаушыға кемшіліктер тізімін, оларды жою мерзімін көрсете отырып жіберу;

4.3.17. Орындаушыға қызметтерді көрсету үшін қажетті ақпараттың толық көлемін беру.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Орындаушыдан Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі қызметтерді алуға.

4.4.2. Шарт құнының тиісті төмендеуімен Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтердің кез келген бөлігінен бас тартуға.

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға. Тапсырыс беруші Орындаушының Қызметтердегі елішілік құндылықтың болжамды есебін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Орындаушының қызметіне кез келген уақытта араласпай, Орындаушы көрсететін қызметтердің барысын, сапасын және толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге.

4.4.5. Орындаушыдан ол Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) Тапсырыс берушінің көрсетілген бағыттар бойынша ішкі нормативтік құжаттарының және (немесе) Тапсырыс берушінің өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы талаптарын орындамауын сақтамаған жағдайда есептелген айыппұлдардың сомасын өндіріп алуға құқығы бар.

4.4.6. Орындаушыдан Шарт талаптарының тиісінше орындалмауы салдарынан орын алған шығындарды, сондай-ақ берілген өсымақы мен айыппұл сомаларын қайтаруы бойынша төлемді талап ету;

4.4.7. Ескертулер болған жағдайда, олар толықиай жойылғанға дейін көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюдан бас тарту;

4.4.8. Осы Шарт бойынша төлем сомалары туралы ақпарат, Орындаушының атауы, шотының номері және төлем жүргізу мақсаты көрсетілген банк құжатының үзіндісін «Самрук-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның қауіпсіз мекенжайына тапсыру;

4.4.9. «Самрук-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның сұратуы бойынша осы Шартқа қатысты кез келген ақпаратты беру;

4.4.10. Орындаушыдан Шарттың орындалуымен байланысты ақпарат пен құжаттарды сұрату, оның ішінде Орындаушының шаруашылық қызметінің қаржы есебін;

4.4.11. Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап ету;

4.4.12. сақтандыру тәуекелін бағалау үшін тәуелсіз сарапшы тарту;

4.4.13. Келтірілген зиянның мөлшерін бағалау нәтижелерімен және Сақтандырушы (оның ішінде Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы) және (немесе) тәуелсіз сарапшы жүргізген сақтандыру төлемі мөлшерінің есептеулерімен танысу;

4.4.14. Заңның 21-1-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға не объектілер иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шартынан туындайтын мәселелерді реттеу үшін сақтандыру омбудсменіне немесе сотқа жүгіну

4.4.15. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату;

4.4.16. өтініш пен қоса беріліп отырған құжаттар "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы, оның филиалы, өкілдігі арқылы) жіберілсін;

4.4.17. қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектіде сақтандыру тәуекелінің төмендеуіне әкеп соғуы мүмкін жағдайлар, сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығы немесе ол басталған кезде ықтимал зиян мөлшері өзгерген жағдайда Шарт талаптарының өзгертілуін талап ету;

4.4.18. Заңмен көзделген жағдай мен тәртіпке сай, сақтандыру төлемін алу.

5. Сақтандыру полистерінің қолданылуын тоқтату

5.1. Сақтандыру полистерінің қолданылуы Заңда және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.

5.2. Сақтандыру полистері мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде сақтандыру сыйлықақысын қайтару Заңда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. Сақтандыру жағдайын және сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтау

6.1. Сақтанушының (сақтандырылушының) үшінші тұлғаның өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу жөніндегі азаматтық-құқықтық жауапкершілігінің басталу фактісі сақтандыру полистері бойынша сақтандыру жағдайы болып танылады. Сақтандыру төлемінің мөлшерін сақтандырушы немесе тәуелсіз сарапшы авария себептерін, оқиғаны, сот шешімдерін және келтірілген зиян мөлшері туралы деректерді қамтитын басқа да материалдарды тергеу актісі негізінде айқындайды.

6.2. Әрбір үшінші тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемінің мөлшері заңмен белгіленеді.

6.3. Мүліктің бүлінуі кезінде келтірілген зияннның мөлшері сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған мүліктің тозуын ескере отырып, оны қалпына келтіру құнын есептеу негізінде айқындалады. Мүлікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған кезде қолданыста болған орташа нарықтық бағалар мен тарифтер негізінде айқындалады. Мүлікті жою кезінде келтірілген зияннның мөлшері сақтандыру жағдайы басталған күнгі тозуды ескере отырып, мүліктің нақты құнын негізге ала отырып айқындалады. Егер мүлікті қалпына келтіру техникалық мүмкін болмаса немесе экономикалық тұрғыдан негізделмесе, ол жойылды деп есептеледі. Егер бұл ретте күтілетін шығыстар (қалпына келтіру құны) сақтандыру жағдайы басталған күнге есептелген амортизацияны ескере отырып, мүліктің нақты құнының сексен пайызынан асатын болса, мүлікті қалпына келтіру экономикалық тұрғыдан негізсіз болып есептеледі.

6.4. Сақтандыру төлемі үшінші тұлғаға келтірілген шығын (нақты шығын) көлемінен артық бола алмайды.

6.5. Сақтандыру төлемдері сақтандыру полисінде белгіленген сақтандыру сомасы шегінде жүргізіледі.

6.6. Келтірілген зиян көлемін анықтаудың өзге де жағдайлары Заңға сәйкес реттеледі.

7. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру шарттары және тәртібі

7.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылған) не пайда алушы болып табылатын өзге тұлға жазбаша түрде, оның ішінде қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы мынадай құжаттарды қоса бере отырып ұсынады: 1) келтірілген зиянды және оның мөлшерін растайтын құжаттарды қоса бере отырып, пайда алушының зиянды өтеу туралы сақтанушы танған талабы немесе қауіпті өндірістік фактормен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы заңды күшіне енген сот шешімі; 3) зияннның алдын алу немесе мөлшерін азайту жөнінде шаралар қабылдауға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар (бар болса). Сақтандырушы талабы бойынша өтініш иесі Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттардың түпнұсқасын беруге міндетті, деректер базасында және (немесе) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде электронды формада тұрған, Сақтандырушы үшін де қолжетімді құжаттардан басқа.

7.2. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті. Сақтанушы (сақтандырылған, пайда алушы) сақтандыру төлемі туралы талапты электрондық формада жіберген жағдайда Сақтандырушы да оған осы анықтаманы электрондық нысанда ұсына алады.

7.3. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) немесе пайда алушы болып табылатын өзге тұлғадан оның сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқысыз.

7.4. Пайда алушы болып үшінші тұлға (ол қайтыс болған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оның қайтыс болуына байланысты зиянды өтетуге құқығы бар тұлға) немесе Сақтандырушының осы Шартта белгіленген жауапкершілігі шегінде келтірілген зиянды үшінші тұлғаға (залалды өтетуге құқығы бар тұлғаға) өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған өзге тұлға саналады.

7.5. Сақтандыру төлемін Сақтандырушы осы баптың 7.1 тармағымен көзделген құжаттар алынған күннен бастап отыз күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.6. Сақтандыру төлемі дер уақытында жүзеге асырылмаған жағдайда Сақтандырушы Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен белгіленген тәртіпте және көлемде тұрақсыздық ақысын төлеуге міндетті.

7.7. Сақтандырушы немесе сот шешімімен сақтандыру жағдайы деп танылған қауіпті өндірістік фактормен үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген зиянды өтеу туралы өтініштерді қанағаттандыру олардың келіп түсу тәртібімен, ал бір мезгілде бірнеше өтініш төмендегідей кезектілікпен келіп түскен кезде жүзеге асырылады: 1) бірінші кезекте жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілгензиянды қайтару туралы талап қанағаттандырылады; 2) екінші кезекте жеке тұлғаның мүлкіне келтірілген зиян қайтарылады; 3) Үшінші кезекте заңды тұлғаның мүлкіне келтірілген зиян қайтарылады.

8. Тараптардың жауапкершілігі

8.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

8.2. Орындаушының жауапкершілігі:

8.2.1. Орындаушы тарапынан Қызметтің Шартта белгіленген көрсетілу мерзімі негізсіз кешіктірілген жағдайда, Орындаушы Тапсырысшыға мерзімі өткен әр күн үшін, дер уақытында көрсетілмеген қызмет бағасының 0,1% көлемінде өсімақы төлейді, бірақ ол жалпы Шарт сомасының 10%-нан аспауы тиіс;

8.2.2. Қызметтерде елішілік құндылықтың нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

8.2.3. Орындаушы Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша осы Шарт бойынша міндеттемелерді (оның ішінде отандық материалдарды/тауарларды сатып алу міндеттемелерін) Орындаушы орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдай үшін көрсетілмеген не тиісінше жүзеге асырылмаған Қызметтердің жалпы құнының 10% -ы мөлшерінде айыппұл төлеуге (Қызметтерді көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайларды қоспағанда) міндетті;

8.2.4. Егер Орындаушы Шарттың орындалуын қамту ақысын Шарттың 4.1.2 тармағымен белгіленген мерзімде төлемеген болса, Тапсырысшы шарт міндеттемелерін бұзбастан, біржақты тәртіппен осы Шартты бұзады және әлеуетті жеткізушімен енгізілген өтінішті қамту ақысы ұсталады.;

8.2.5. Шарттың 8.2 тармағымен көзделген бір немесе бірнеше жағдай орын алған кезде, Тапсырысшы бірнеше айыппұл санкциясын шектеусіз қолдануға құқылы болады;

8.2.6. Тапсырысшы Шартты Шарттың 9.3.2 тармағына сай біржақты тәртіппен бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырысшыға Шарттың 8.2.3 тармағымен көзделген айыппұлды төлеуге міндетті;

8.2.7. 8.2.1 және 8.2.3 тармақтарда көрсетілген тұрақсыздық ақысынан бөлек, Орындаушы Тапсырысшыға алынбаған пайданы қоса, шығындарды жоғарыда көрсетілген тұрақсыздық ақысының толық сомасымен қайтарады.

8.3. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда, Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарт сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбы түрінде жауапты болады.

8.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

8.4.1. Шарт бойынша төлем себепсіз дәлелдермен кешіктірілген болса (оның ішінде аванстық төлем), Тапсырысшы Орындаушыға бережақ сомасының 0,1% мөлшерінде әрбір мерзімі өткен күн үшін, өсімақы төлейді, бірақ жалпы Шарт сомасының 10% артық болмауы тиіс;

8.4.2. Тапсырысшы құжаттарды уақтылы ұсынбаған (егер Шарттың талаптары бойынша Тапсырысшы қызмет көрсету үшін Орындаушыға құжаттарды ұсынуы талап етілсе), соның салдарынан Орындаушы шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырысшыдан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімі өткен залалдарды өтеуді талап етуге құқылы;

8.4.3. Орындаушымен төленген, Шарттың орындалуын қамтудың қайтарылуы себепсіз кешіктірілген жағдайда, Тапсырысшы Орындаушыға мерзімі өткен әр күнтізбелік күн үшін, Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлеуі тиіс, бірақ орындалмаған міндеттемелер сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс;

8.4.4. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды кідірткен жағдайда Тапсырыс беруші Орындаушыға - 0,1% мөлшерінде, бірақ - 10%-дан аспайтын мөлшерде, әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді.

8.4.5. Тапсырысшы тарапынан көрсетілген қызметтер актісіне қол қою себепсіз кешіктірілген жағдайда, Орындаушы Тапсырысшыдан

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

әрбір мерзімі өткен күнтізбелік күн үшін, кешіктірілген күн сомасының 0,1% мөлшерінде өсімақы төлеуін талап етуге құқылы, бірақ орындалмаған жұмыстар актісі сомасының 10%-нан артық болмауы тиіс.

8.4.6. Тапсырысшы Шарттан себепсіз бас тартқан жағдайда, Шарттың 9 және 12 тарауымен көзделгеннен басқа, Тапсырысшы Орындаушыға Тапсырысшы кінәсінен орындалмаған жұмыстар бағасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

8.5. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның Сенімсіз әлеуетті өнім берушілерінің (өнім берушілерінің) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

8.6. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

8.7. Тұрақсыздық ақысын төлеуді Орындаушы төлемге шот жалғанған тиісті хабарлама алған сәттен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жүргізеді. Орындаушы Тапсырысшы тарапынан өзара есеп айырысуды салыстыру актісінің көрсетілген қызметтер үшін төлемнің және тұрақсыздық ақысы төлемінің ыңғайласпа біркелкі талаптар есебін жүргізу мақсатында тұрақсыздық ақысын төлеу үшін берілетін шотқа қосылуына келіседі.

8.8. Егер Орындаушы қызметтің дер уақытында көрсетілмеуі немесе Орындаушымен қызметтің бәрі немесе бір бөлігінің орындалмауы Тапсырысшы кінәсінен болғанын дәлелдесе, Тапсырысшы Шарттың 8.2.1 және 8.2.4 тармақтары бойынша тұрақсыздық ақысын қолданбауға/өндіріп алмауға құқылы.

8.9. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерінің орындалуы бұзылған жағдайда, Тапсырысшы Шарттың орындалуын қамту үшін енгізілген сомадан Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзғаны үшін есептелген айыппұл сомасын және соған байланысты пайда болған шығындарды Орындаушыдан ұстап қалуға құқылы.

8.10. Нақты көрсетілген қызметтер сомасы Тапсырысшы тарапынан төленген алдын ала төлем сомасынан төмен болған күйінде Шарттың әрекет етуі тоқтатылған жағдайда, Тапсырысшы төленген қамту сомасынан жұмыс сомасының айырмашылығына қатысты аванстыны қайтарып алуға құқылы.

8.11. Тұрақсыздық ақысының (айыппұл, өсімақы) төленуі Тараптарды осы Шартпен қаралған міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

9. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

9.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

9.2. Жобаға не сатып алу туралы жасалған Шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын және/немесе орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсынысты өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тиісті тармағында (тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша енгізуге жол берілмейді.

9.3. Тапсырыс беруші мынадай жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

9.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

9.3.2. Орындаушы өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

9.3.3. Қызметтерді сатып алудың орынды еместігіне байланысты;

9.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқарған жағдайда;

9.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/байқау кеңесінің шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда (алқалы атқарушы орган/басқару органының байқау кеңесі/жоғары органы (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда. Қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Орындаушыға өзі нақты шеккен шығыстарды төлеген жағдайда жол беріледі.

9.3.3.3. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде.

9.3.4. Консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырысшының әлеуетті жеткізушінің дұрыс емес ақпарат және / немесе мүдделер қақтығысының болмауы туралы жалған мәліметтер бергенін анықтауы;

9.3.5. Тәртіптің 31 бап 1 тармағында көрсетілген;

9.3.6. Шартты бұзу: Орындаушы банкрот деп жарияланған, төлем қабілетсіз деп танылған; лицензиялар мен қызметтер көрсету үшін қажетті өзге де рұқсат құжаттарының күші жойылған/алынбаған; шектеуді белгілейтін және/немесе Тапсырыс беруші үшін шарт бойынша қызметтер көрсетуді орынсыз және/немесе мүмкін етпейтін сот актілері немесе сот орындаушыларының қаулылары болған жағдайларда дереу жүзеге асырылады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.3.7. Шарт тараптарының бірі Шарт талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда.

9.4. Шартты орындаудан Тапсырысшы біржақты тәртіппен бас тартқан кезде, Тапсырысшы Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейінгі 10 (он) күнтізбелік күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шарттың бұзылу себебі көрсетілуі, жойылатын шарт міндеттемелерінің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Шартты бұзу кезінде жоғарыда көрсетілген жағдарларға сай, Орындаушы Шарттың орындалуымен байланысты тек нақты жұмсалған шығындар төлемін бұзылатын күнге дейін ғана талап етуге құқылы.

9.5. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ-ның құрылымдық бөлімшесі тұлғасында сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің жасалған Шартты біржақты одан бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт тараптардың өзара келісімі бойынша ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Орындаушыға Шарт бұзылған күнге нақты жұмсалған шығыстарды төлеу кезінде бұзылуы мүмкін.

10. Хат-хабар

10.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

10.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

10.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

10.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

10.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

11. Шарттың мерзімі

11.1. Шарт екі Тараптың уәкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

12.1. Егер бұл дүлей күш жағдайларының салдары болып табылатын болса (су тасқыны, жер сілкіну және басқа да апатты оқиғалар, эмбарго, соғыс немесе әскери әрекеттер, диверсия, терроризм, жұмыстың орындалуына кедергі келтіретін немесе тыйым салатын мемлекеттік органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің күші енуі), ол жағдайлар тараптар еркінен тыс болып, тараптардың өз міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермесе, тараптар осы келісім-шарт бойынша міндеттемелерді толықтай немесе жартылай орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады.

12.2. Кез келген Тарап дүлей күш жағдайы туындаған кезде, осындай жағдай орын алған күннен бастапқы 5 күн ішінде екінші Тарапқа жағдайдың орын алғаны туралы жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Мұндай жағдайлар Қазақстан Республикасының өкілетті мемлекеттік органдарымен расталуы тиіс.

12.3. Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуы уақытқа сәйкес дүлей күш жағдайы әрекет еткен уақытқа дейін, сондай-ақ сол жағдаймен орын алған салдары жойылғанға дейін ұзартылады.

12.4. Осы Шарттың 12.2. тармағында айтылғандай тәртіппен дер уақытында немесе мүлде хабарланбауы, Тарапты өз міндетін орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын кез келген жоғарыда айтылған жағдайға сүйену құқығынан айырады.

12.5. Егер Тараптардың өз міндеттерін толықтай немесе жартылай орындау мүмкіндігінен айырылу мерзімі 2 (екі) айдан асып кетсе, онда Тараптар осы Келісім-шартты бұзу және өзара есепайырысу құқығын иеленеді.

13. Дауларды шешу тәртібі

13.1. Тараптар арасында осы Шартқа қатысты туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктердің бәрі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

13.2. Даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, Атырау облыстық Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотпен

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

шешіледі.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

14.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

